

# ТҮРКІСТАН

Халықаралық саяси ақпараттық газеті

## БҰЛ ДА БІР ҚАРА ШАҢЫРАҚ

**Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне – 75 ЖЫЛ**

*Бүгінгі Қазақ елінің жаңа дәуірінде мәдени ошағының тамызығын туындатар қайраткерлер тәрбиесін ҚазМУ тәрізді оқу ордаларын ұлттық санаттағы білімнің қара шаңырағы деп дәріптелетіндігі әрине тегін емес. Бұлардың санатындағы қазақтың техникалық зиялылар Қара шаңырағы деп аталып жүрген Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ірге тепкеніне биыл 75 жылға аяқ басқан екен.*

Әдетте өз ісінің майталманы, небір дүлдүл инженерлерді технар тобына қосамыз ғой. Бірақ бұл іргелі ғылыммен суарылатын инженерлер арасынан да зиялы деген атауды ақтайтындай тұлғалар болмайды деген пікір туындатпаса керек. Бұған мысал үшін өзіміз білім алған техника саласының мамандарын даралап жатқан білім ордасы Қазақ ҰТУ-дің 75 жылдық мерейтойына арналатын лебізіміздің тақырыбын «Қара шаңырақ киесі» атап техникалық сауатының нәтижесінде ғана зиялылық заңғарына көтерілген тұлғалар жайлы қалам тартуды парызымызға баладық. Сол топтың бас сардары Ақжан Машанидің көп томдық мұрасының 10 кітабы «Шаңырақ» («Алатау», 2008), кітабындағы ғұламаның Қара шаңырақ қасиетінің ғылыми, діни тұрғыда ұлы бабамыз әл-Фараби қағидаларына сабақтастырар толғауынан үзінді келтіруіміз де кездейсоқтық емес-тін.

Егер ғалым А.Машанидің бір ғана техника саласы емес, бүтін қауым үшін дараланатын зиялылық тұлғасы қандай деген сауалға берілер жауап мынадан басталары талассыз.

Ол – кешегі қазақта тарих жоқ, жабайы далалық мәдениетте ғасырлар бойы қалып қойған халықтың ұлттық өркендеуіне Қазан төңкерісі ғана жол ашты деп құлдық психология дәнін сепкен коммунистік қасаң идеология дәуірлеп тұрғанда мыңжылдық тарих тұңғышынан әл-Фараби сенің бабаң, ол казак деп жарсалған (А. Машани) еді ғой!

Саналы ғұмырының 60 жылдан астам мерзімін өзі бітірген оқу ордасында инженерлер даярлауға бағыштаған ұстаз, жарты ғасырлық уақытын үзіліссіз әл-Фараби мұрасын зерделеуге бағыштады. Осының нәтижесінде ұлы бабасының ғылыми өмірбаянына арналған «Әл-Фараби және бүгінгі ғылым» зерттеуін берді. Ал, «Әл-Фараби және Абай» монографиясы қазақ ұлтының рухани тұтастығының көкжиегін 1000 жылға кеңейтіп еді және Абайтанудың тыңнан ренессанстық жолын салған-ды.

Ал, казак әдебиетінде ғылыми-фантастика жанрының қадасын қазақты дегізетін шығармалар жазған қаламгердің «Әл-Фараби» (1970) романы ұлы бабасының көркем бейнесінің тұңғыш сомдалған дүние болып тарихқа енген-

ді. Осы ретте ХХ ғасырдың 40-жылдары ғалымның қаламынан туындаған техникалық сөздіктер мен қазақ тілінде жазылған инженерлік пәндер оқулығы әлі де өз мәртебесіне көтеріле алмай тайғақты бұралаң жолда малтығып келе жатқан қазақ тілінің мемлекеттік мүддені атқаруға қауқарының молдығын да дәлелдеген дүниелер еді.

Мұның бәрін адам бойындағы табиғат сыйлаған талаппен техникалық білімінің кіріккен кезде зиялы істің шаңырағына жататын құдыретті құбылыс деу керек.

Осы ретте келесі аталар есім, құлдық сананы оятуда өлшеусіз әрекет тудырған «Қаһар» тәрізді кесек-кесек тарихи романдар берген ҚазҰТУ түлегі – Ілияс Есенберлин.

Университет түлектерінен шыққан қаламгерлер легінде «Қаныш Сәтбаев» эссе-романының авторы Медеу Сәрсекеннің Москвадан ҰТӨ сериясынан шыққан «Е.Бөкетов» зерттеуін атар едік. Себебі Е.Бөкетов та университеттің сегіз қырлы түлегінің бірегейі. Аты берілген Қарағанды МУ алдына қойылған еңселі Е.Бөкетов ескерткішінің алдынан өткен сайын, кезінде ғалымдығымен қатар қиын жанр театр-сыншысы атанған, тұлғамен кездесе жүріп Есенин, Маяковский жырларын машығына келтіріп жатқа оқитын ағаның бүгінде тастан қашалған еңселі тұлғасынан Қара шаңырақ киесін сезінгендей ерекше әсерде боламын.

Ал, қазақ поэзиясына өзіндік леб әкелген машина жасау және кен ісі мамандығын алған ақындар Қасымхан Бегманов пен Иранбек Оразбаев, сатира жанрының еңбекторысы атанған марқұм Таңдай Кенеевтер және осылардан кейінгі тізімдегі: Қайырбек Лұқманов, Бауыржан Қарабеков, Әлібек Файзоллаұлдарының легі жалғаса берері хақ.

Кешегі 37-нің зұлматына ұшыраған қазақ көсемдерінің бірі – «Сұлтанбек Қожанов» қорын құрған ақын Қ.Бегманов пен жұртшылыққа Иран-Ғайып бүркеншік атымен таныс Мемлекеттік сыйлықтың иегері ақын әрі драматург И.Оразбаевтар студент әріптесі Ұлықпан Сыдықов құрған «Бәйшешек» үйірме мүшелері болатын.

Университеттің күрделі учаскесі оқу және тәрбие ісін басқаратын проректоры Ұ.Сыдықов бүгінгі университет көркемөнер деңгейінен Қазақ эстрадасына айналған «Дос-Мұқасан» ансамблінің ұйымдастыруға өзіндік үлес қосқан қайраткер. Ансамбль репертуарынан берік орын алған өлеңдердің әні мен сөзін жазған қаламгер. Ұ.Сыдықовтың техникалық жоғары білімімен философиядан ғылыми атақтар қорғауы көп нәрсені аңғартса керек.

Алла Тағала адам баласын әр қырынан танытар дарын-бейімділіктен кенде еткен емес. Егер адамның бірі тумысынан ісмерлікке, басқа да

құрылымдардың сыры мен құпиясына қанығуға, түрлі кәсіби іске бейімді болса, анық сол саланың мамандығын игеруге әрекет етері табиғи ізденіс. Бірақ ондай жандардың бойындағы өнерге деген құштарлығын ұштап ұмтылыс жасауы диалектика заңы. Әрине ол үшін табиғат тартуы талант көшін ашып, дамытар ортаның болуы шарт. Мәселен, «Дос-Мұқасан» ансамблінің студент өнерпаздар үйірмесінен бастау алуы осыған дәлел. Себебі қазақтың техникалық зиялылар қарашаңырағында қалыптасқан осындай ортаның дәстүрлік сипат алуына өзім куәгер болған мына жәйтті айтсам да жеткілікті.

Ол кезде бүгінгі университеттің Қазақ кен металлургия институты деп аталатын ұжымды Өмірхан Байқоңыров басқаратын. Мен директордың студенттермен өткізген арнайы мәжілісіне қатыстым. Мәжіліс әдеттегідей студенттердің үлгеріміне емес, көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастыруға арналды. Сол кезде институттың көркем өнерпаздар үйірмесін басқаруға атакты домбырашы Жантілеуов пен халық әртісі С.Телғараевтың келуі сол жиналыстың нәтижесі еді. Өндіріске геолог, кен ісі және металлургия саласына даярланатын инженерлер, Құрманғазы атындағы оркестрге, не болмаса драма театрларының кадрлері емес қой, «көркемөнерпаздар үшін атышулы өнер қайраткерлерінің қажеті қандай?» деген сауалдың қазір де қойылуы ғажап емес.

Мұның жауабын халық үрдісінен шығатын білікті кәсіби мамандарды даярлауда ықылым заманнан шаңырақ астында қалыптасқан ұлттық тәрбиемен сәйкестендіру нәтижесінде ғана азаматтық іс-әрекетке балауға болатындығын жүрегімен сезген Байқоңыровтың ұстанымынан табуға болар еді. Ө.Байқоңыровтың 1952 жылы институтқа директор болып келген кезеңде ұжымда қазақ ұлтының не бәрі бес-ақ өкілі болыпты. Оның бесіншісі хатшы қызметін атқарған. Қалған төртеуі ғана оқытушы. Сол кезеңнен бері күні кешеге дейін инженерлер тәрбиесіне белсене араласқан университет дамуына үлес қосқан, тіптен Қазақстан жоғары білім тарихының жылнамашысы атанған марқұм профессор Мұштай Батырбеков ағамыздың айтуынша, қазақ студент контингентінің өсуіне де және бүгінгі университетіміздің ұлттық мәртебесін алуға негіз болған Қазақ политехникалық институт болып ұйымдасуына мұрындық болған Байқоңыровтың қайраткерлігі баршаға өнегелілігімен даралануға тиісті емес пе?! Дей тұрсақ та, бұл кезең Қара шаңырақ киесінің қалыптасуындағы белгілі бір асуы болды. Түптей айтсақ, сөз етіп отырған киелілік нышаны инженерлер ордасының алғаш ірге тепкен сонау 1934 жылдан қаланса керек.

Жер қойнауында химиялық элементтер түгелдей кездесетін, әрі қоры жөнінде өндірістік маңыз алатын елде құрылған тұңғыш техникалық жоғары оқу орнында кен табатын геологтар, табылған кенді кәдеге асыру үшін алдымен оны қазатын кен инженерлері, сосын қазылған кен тасынан металл ағызатын металлургтер даярлануы заңды ғой. Міне, осы мамандық түрін

институттың тұңғыш директоры Әшірбек Бүркітбаевтың алғашқы түлектерін шығаруға шыдатпай үш жылдан соң 1937 жылдың нәубатында коммунизмнің құрбандығына шалынуы көп нәрсені аңғартса керек. 75 жылдық тарихы бар Қара шаңырақтың табалдырығын аттаған жас өркендердің мұны әркез есіне ұстағаны да абзал.

1926 жылы өндіріс салалары азамат соғысынан әбден тұралаған кешегі КСРО түсті металлургиясының тарихы Қарсақпай зауытында қара мыс ағызудан басталды емес пе?! Сол жылдары жас геолог Қаныш Сәтбаевтың да еңбек жолының алғаш соқпағы да Ұлытау-Жезқазған – Қарсақпай өңірінде салынды. Жезқазған мыс кенінің қорының мол екендігін дәлелдеген инженер Қ.Сәтбаевтың пәтері да сол кезде Қарсақпайда болуы және болашақ ғалымның алғаш Қарсақпай мысын ағызуды білек түріп кіріскендігінен де хабардармыз. Сол кезде жас жігіт Әшірбек Бүркітбаев та қазақ даласындағы тұңғыш мыс зауытының іске қосылуына қатысты – Қарсақпай зауытында токорь болып еңбек жолын бастап қана қойған жоқ, Қаныш дананың қолдауымен зауд жастарының жұмыскер мамандығын игеруге ұйытқы болды, Қазақстан астанасы Қызылорда құрылып жатқан жастар ұйымына араласады. Университеттің алғашқы басшылығына келген Әшірбек Жанәліұлы Бүркітбаевтың өмір жолы Қарсақпайдан Ресейдегі кен-металлургия саласының сол кезде орталығына айналған Орал өңірінің бас қаласындағы өндірістік академиясынан басталып еді. Бұл жерде біз он екі де бір нұсқасы жоқ, жаңа техникалық ЖОО ұйымдастырудағы 28 жастағы Әшірбектің сол қиындықты қалай жеңе білетіндігін баяндауға орынның тарлығынан, сол қиын кездің өзінде Қара шаңыраққа ғана тәнті боларлық санада егілген киеліліктің алғашқы дәнінен мысал келтіруді дұрыс көрдік.

Мұндай істің бірі институттың математика кафедрасының меңгерушілік қызметіне Алаш көсемдерінің бірі, Томдағы политехникалық институтын кен ісі саласынан тамамдаған Әлімхан Ермековтың шақырылуы және 37-нің қара бұлты қоюлана бастағанда Әшірбектің оны Ресей қалаларына қоныс аудартуы дер едік. Қаныштың Том қаласына барып, геологиялық мамандықты тандауына да, тіптен өзі тұрған пәтерге орналастырған да Ә.Ермеков екендігін біреу біледі, біреу білмейді.

Әшірбектің келесі бір әрекеті өзімен түйедей құрдас, бірақ студенті А.Машани бойындағы талантты тани біліп, оған қазақ ауылынан келген талапкерлерге көмек болсын деп геология пәнінің оқулықтарын қазақшаға аудартуға мүмкіндік туғызғандығы дер едім. Қолжазба күйіндегі И.В.Мушкетовтың, Н.Потемкин бастаған ғалымдардың және академик В.А.Обручев жазған геология іліміне арналған оқулықтары А.Машани аудармасымен оқу үдерісінде пайдалануы және 1940 жылы баспадан да шықты. Бірақ мұны көруге Әшірбекке тағдыр сараңдық жасап еді.

Осы тұста Ә.Бүркітбаев тәрізді Ө.Байқоңыровтың да еңбек жолы Қарсақпайдан басталуы, оның да сол зауд жанындағы ФЗО (фабрика-зауд оқуы) бітірген соң Қаныштың қазығын қағып жүріп, өмір бойы ұстазы саналған инженердің азаматтық ісінің тәлімін қоғамға бере білген кісілігін айта отырып, осынау қарашаңырақтың Қ.Сәтбаев атын тағынуының сол киелілік қасиетке қалайша баламассың!

Осындай киелілікті танытатын істердің нышандары Қара шаңырақ тізгінін ұстаған «Дос-Мұқасан» ансамбілін құрған белсендісі әрі жетекшісі Досым Сүлеев іс-әрекетінен болашақ инженер жастарды жандандырар жалғасын табуы ғанибет дер едік. Бұл ретте ғұлама А.Машанидің 100 жылдығы қарсаңында Орталығын құрып, Халықаралық конференция өткізу мысалын айта кету ләзім.

Университеттің жаңа басшысы – өз түлегі Жексенбек Әділовтың Қара шаңырақтың киелілік дәстүрін одан әрі жалғастырудағы ісі құптарлық. Мәселен, Машани Орталығы жанынан құрылған АБЖАД клубы Шәкәрімнің 150 жылдығына арнап ақынның 70 өлеңін жатқа айтатын студенттер арасында өткізген байқауы соның дәлелі. Бір шеті Атырау университетінен келген студенттер ақын өлеңінің мән-мағынасын ашатын интеллектік тақырыптарды таңдай білетіндігін танытты. Ашып айтсақ, бұл Қазақстан тәуелсіздігінің тірегі маман біліктігінің тұздығы-ұлттық құндылықтарды игеруді қажет ететін уақыт талабының оқу-тәрбие делінетін қос мағыналы сөздің үрдісінен шығудағы атқарылар нақты шаралардың бірі деп айтуға болады. Ұлы бабамыз әл-Фарабидің білім мен тәрбие қатар берілмеген жерде жастарды идеологиялық апатқа соқтырады деген өсиетін берік ұстанған университеттің оқу-тәрбие ісінің жауапкершілігі жүктелген өз түлегі Ұлықпан ізденісінен сонылық лебінің үнемі сезілуі үзіліссіз ізденісінің нәтижесінің көрсеткішіне айналуымен қуантады. Бұл ректор Ж. Әділовтың Қара шаңырақ киелілігін дамытудың жалғасын тапқан басты нышаны дегіміз келеді.

Қара шаңырақ мерейтойына арналған мақалада университеттің интеллектік потенциалын сөз ете тұрып, Қазақстаннан әр тарапқа кеткен инженерлер қауымды тәрбиелеуде ұйытқы болған ғалымдар есімін еске алмау мүмкін емес. Мұндайда ауызға ілінер есімнің басында студент А.Машанидің жетекшісі, әрі жаңа ғылым геомеханиканың тууына қатысқан П.А.Рыжовтқа, Евней Букетов сынды қайраткерлердің тәрбиелеген академик В.Д.Пономаревқа, мемлекет қайраткері Д.Қонаевтың ғылыми жетекшісі академик А.С.Поповқа, Г.Ц.Медоев сынды ғалымдарға қазақтың ғылымы риясыз алғысын әркез білдірері күмәнсіз. Осы ғалымдар ұстаханасында шыңдаған академик Ш.Есеновтың 1968 жылы ҚР ҰҒА жоспарына әл-Фараби мұрасын зерттеуді енгізуі оның мемлекеттік істерінде бұрын ауызға алынар азаматтық әрекетінің бірегейі дер едік. Егер бұл тізімді жалғастырар болсақ қатты мұқабамен көмкерілген кітап шығар еді...

Осы себепен «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей осынау іргелі ғылым ордасының тек қана интеллектік қырын танытатын есімдерді атай отырып, олардың даралануына жол ашқан ғалымдар қауымына деген ерекше ілтипатымды білдіре кетуді борышыма санаймын.

Жуырда «Қазақ әдебиеті» оқушылары үшін Қара шаңырақ тарихына қатысты мағлұматы бір тоға көтерілген деңгейіне қарап, қатардағы профессор әріптесімнің мұрағатты деректерді жинап жүргеніне риза болдым. Бірақ ұжым басшылары құзырына ғана тәнті университеттің біткен істері мен ертеңгі даму бағытын анықтайтын-бүгіннен бастау алатын іс-шаралар жайлы, әсіресе Қара шаңырақ киелігін қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосқан ұлағатты ұстаздар есімдерінің қадау-қадау тізілген тізімінен автордың бұл мәселедегі құзыретсіздігін аңғартар: «ондай тізімде бәленше неге аталмады?» дегізетіндей, тек жеке көзқарастың таразысы аясында тураушыдан да болсын танысың принципіннің шыға алмағаны «әттегенай» дегізді. Мәселен, мақаладағы «Қазақ ҰТУ біліктіліктің ұясы еткен патриоттық мәртебесі берілген тізімде 1500 астам ғалым-профессор арасынан ауызға ілкен жиырма шақты есімдерден басталып тағы басқаларымен тамамдалатын тізбектегі тұлғалардың үштен бірі 13 институттың бірі санатында автор еңбек ететін ұжым өкілінің үлесіне еншіленуі бұл қалай деген сауалды туғызары шұбасыз. Мәселе мұнда да емес, мынада: 75 жылдық білім ордасының тарихымен қатар құрылған кезінде академиктер А.С.Папов, Ө. А. Байқоңыров, П. Шолақовтар жетекшілік еткен заманда оқу-тәрбие ісі жөнінен университетте ерен табысымен үлгі етерлік «Жерасты кен қазу» кафедрасының ұйып отырған қауымының соңғы 2-3 жылдан бері моральдық-психологиялық ахуалын күрт төмендетіп, дағдарысқа ұшырауына «мұрындық» болған ғалымның патриоттар қатарында аталуы өкінішті-ақ. Егер мұндай жәйттерді жаба тоқылатын жаманға айналдырсақ оның тигізген кесапатын мадақтау болып шықпайды емес пе бұл?!

Осы ретте V ғасырдың 60 жылдары тоғыз құмалақ ойынының жұлдегері бола жүріп, ұлттық дәстүрді тірілтуге ат салысқан, университеттің екінші легінде бітірген түлегі, Украина кен өндірісінде жиырма жылдай инженерлік қызмет атқарған, ғалым болып қалыптасып, қалған ғұмырын Қара шаңырақта ұстаздық еткен әдебиеттің жанашыры, әрі қазақ тілінде алғаш оқулық жазған, кен ісі терминдерінің сөздігін түзеуде өзіндік қолтаңбасымен дараланатын студент кезінде курстасы І.Есенберлинмен әдебиет үйірмесінің ұйтқысы болған Шаймерден Ибраев ағамыздың көзден кетсе де көңілде жүретін азаматтығы сол мақалада есімі аталуы керек-ақ еді. Бірақ...

Осы мақала шыққан күні дәл осындай тақырыппен аға газетіміз «Егемен Қазақстанда» да Қара шаңырақтың өсіп-өркендеуіне жарты ғасырдай куә болған академик Д. Кішібековтың көлемі жағынан екі еседей аз

болсада мағына-мәнін саз етіп берген шолуының Қаз ҰТУ киелілік ерекшелігін аңғартар жүйелі баяндауымен тамсандырғанын айта кету ләзім.

Инженерлік төл ісін атқара жүріп, бойындағы табиғат талантымен ұлтының құндылықтарын таныту, «ондай болмай қайда» депті айтқызбай тындай азаматтардың өз ортасында ізгі ықпал жасайтын ғанибет қасиеттері арнайы тапсырыспен де оңай орындалмайтын іс демекпіз. Ал, бойдағы табиғат сыйын менің кәсіби міндетіме жатпайды деп тежеу, болмаса оны дамыту мәнін ескермей маман бойына қажет имандылықтың егілмеуі де үлкен өнім тудырары даусыз. Бұл ретте тәрбиесіз берілген білім жастарды апатқа ұшыратады деген бабамыз әл-Фараби өсиеті техникалық зиялылар ұясы деп аталып кеткен білім ордасында студенттерге біліктілік берудегі игі ұстанымға айналуы осынау Қара шаңырақ мәртебесін көтерудегі үлесінің дәлелі жүрекке әркез жылылық құяды.

*Шамшиден АБДРАМАН, профессор*